

Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялау мен будандастыруды жүргізуге рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 маусымдағы № 572 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/153 бұйрығын қараңыз.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.20 N 1646 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялау мен будандастыруды жүргізуге рұқсаттар беру қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.20 N 1646 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғанынан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 14 маусымдағы
№ 572 қаулысымен
бекітілген
К. Мәсімов

Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялау мен будандастыруды жүргізуге рұқсаттар беру қағидалары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.20 N 1646 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялау мен будандастыруды жүргізуге рұқсаттар беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) « Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 15-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және жануарлар дүниесін пайдаланушыларға сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлардан басқа, жануарлардың мекендеу ортасына жануарларды және олардың будандасқан нысандарын интродукциялауға, реинтродукциялауға, будандастыруға рұқсаттар (бұдан әрі – рұқсат) беру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.20 N 1646 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Ерекше қорғалатын аумақтарда жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялау мен будандастыруды жүргізуге рұқсаттар беру Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасының талаптарын есепке ала отырып жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.20 N 1646 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялау мен будандастыруды жүргізуге және кейіннен жануарларды мекендеу ортасына шығармай-ақ будандастыруды жүргізуге рұқсат талап е т і л м е й д і .

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.20 N 1646 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Рұқсаттар беру жөніндегі уәкілетті органдар (бұдан әрі - уәкілетті орган):

1) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында - Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Орман және

аңшылық шаруашылығы комитетінің аумақтық бөлімшелері;

2) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында - Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық бөлімшелері
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.20 N 1646 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Рұқсаттар берудің тәртібі

6. Рұқсат алу үшін өтінімді (бұдан әрі - өтінім) заңды және жеке тұлғалар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті уәкілетті органға «Е-Лицензиялау» веб-порталы арқылы электрондық нысанда не қағаз түрінде ж і б е р е д і .

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Өтінімге заңды және жеке тұлғалар мынадай құжаттардың:

1) құрылтай құжатының, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің * немесе анықтаманың (заңды тұлға және дара кәсіпкер үшін - ЗТ МДҚ), жеке басын куәландыратын құжаттың (паспорт немесе жеке куәлік - жеке тұлға үшін - Ж Т М Д Қ) ;

Ескертпе:* - «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін ж а р а м д ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

2) облыстық атқарушы органның балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру туралы немесе аңшылық алқаптарды бекітіп беру туралы ш е ш і м і н і ң ;

3) интродукциялауды жүргізу кезінде жануарларды сатып алудың заңдылығын растайтын құжаттардың (сатып алу-сату шарты, сыйға тарту шарты, жүкқұжат немесе тауар чегі немесе банктің белгісі бар төлем тапсырысы);

4) жануардың ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттың;

5) биологиялық негіздемеге мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысының көшірмелерін қоса береді.

Портал арқылы жүгінген кезде осы тармақтың 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттар сканерленген көшірмелер және порталда толтырылатын электрондық өтініш түрінде электрондық құжаттар болып өтінімге қоса тіркеледі.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Уәкілетті орган өтінім тіркелген сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде құжаттарды қарайды және оларда көрсетілген мәліметтерді тексереді, ресімдеу жүргізеді және рұқсат береді.

Құжаттарды толық толтырмау (оның ішінде құжаттардың міндетті жиектерін, бекітілген нысандарын толтырмау) фактілері немесе құжаттардың дұрыс еместігі анықталған жағдайда, көрсетілген мерзімде әрі қарай қаралмайтындығы туралы жазбаша дәлелді бас тартуын жібереді. Өтінім беруші көрсетілген ескертулерді жойған кезде құжаттар жалпы негіздер бойынша қаралады.

9. Өтінім осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тиісті уәкілетті органның бланкісінде ресімделеді, оған оның басшысы қол қояды және уәкілетті органның мөрімен бекітіледі.

10. Рұқсат өтінім берушіге немесе өтінім берушінің сенімхаты бойынша басқа тұлғаға осы Қағидалардың 3-қосымшасында белгіленген нысан бойынша рұқсаттар беру журналына қол қойғызып беріледі.

11. Жануарлар дүниесін пайдаланушы рұқсатты ала отырып, онда көрсетілген мерзімде интродукциялауды, реинтродукциялауды немесе будандастыруды жүзеге асырады.

Рұқсаттың қолданылу мерзімі күнтізбелік бір жылдан аспайды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.20 N 1646 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

12. Рұқсатты басқа заңды немесе жеке тұлғаға беруге рұқсат етілмейді.

13. Рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін жануарлар дүниесін пайдаланушы бір ай мерзімде тиісті уәкілетті органға осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша оны пайдаланудың қорытындысы туралы есеп береді.

Берілген рұқсаттар туралы есептілікті уәкілетті органдар тиісінше Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Балық

шаруашылығы комитетіне немесе Орман және аңшылық шаруашылығы
комитетіне б е р е д і .

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702
қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14. Уәкілетті органның рұқсатты кері қайтарып алуына:

1) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялау мен будандастыруды
жүргізуден өз еркімен бас тарту;

2) рұқсаттың қолданылу мерзімінің аяқталуы;

3) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялау мен будандастыруды
жүргізген кезде Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін
молайтуын және пайдалану саласындағы заңнамасының талаптарын бұзу негіз
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.11.07 N 1413 (
алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа
енгізіледі), 2012.12.20 N 1646 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

15. Уәкілетті органның рұқсат беруден бас тарту немесе осы Қағидаларда
белгіленген мерзімде бермеу туралы шешіміне жоғары тұрған уәкілетті органға
және (немесе) сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген
тәртіппен шағымдануға болады.

Жануарларды интродукциялауды,
реинтродукциялау мен
будандастыруды жүргізуге
рұқсаттар беру қағидаларына
1-қосымша

(уәкілетті органның толық атауы)

(заңды тұлғаның атауы не жеке тұлғаның (толық) тегі, аты, әкесінің
а т ы

(мекенжайы, телефон және факс нөмірі)

Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялау мен будандастыруды жүргізуге рұқсат беруге өтінім

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.20 N 1646 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялау мен будандастыруды жүргізуге (қажеттісінің астын сызыңыз) рұқсат беруді сұраймын.

Интродукциялауды, реинтродукциялау мен будандастыруды жүргізудің мақсаты _____

Жануар түрі _____

Жануардың саны мен салмағы _____

Интродукциялауды, реинтродукциялау мен будандастыруды жүргізудің мерзімі _____

Интродукциялауды, реинтродукциялау мен будандастыруды жүргізетін аудан _____

20 __ жылғы _____

(өтінім берілген күн)

(қолы, Т.А.Ә.)

М.О. (заңды тұлға үшін)

Жануарларды интродукциялауды,
реинтродукциялау мен
будандастыруды жүргізуге
рұқсаттар беру қағидаларына
2-қосымша

Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялау мен будандастыруды жүргізуге рұқсат (қажеттісінің астын сызыңыз)

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.20 N 1646 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Берілді (заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның, дара кәсіпкердің Т.А.Ә.)	
Интродукциялауды, реинтродукциялау мен будандастыруды жүргізудің мақсаты	
Рұқсат етіледі (жануардың атауы, саны және т.б.)	

Интродукциялауға, реинтродукциялау мен будандастыруға арналған жануарларды аулайтын орындар және оның әдістері	
Қолданылу мерзімі	
Ерекше шарттар (куәландыратын және басқа да құжаттардың болуы , пайдаланылған және пайдаланылмаған рұқсаттар туралы есепті ұсыну)	

Уәкілетті

органның

басшысы

(қолы, Т.А.Ә.)

(Орындаушының Т.А.Ә.)

М.О. (уәкілетті органның)

Жануарларды интродукциялауды,
реинтродукциялау мен
будандастыруды жүргізуге
рұқсаттар беру қағидаларына
3-қосымша

Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялау мен будандастыруды жүргізуге рұқсаттар беруді тіркеу журналы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.20 N 1646 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Рұқсат нөмірі	Пайдалану түрі (жануардың түрі, саны)	Қолданылу мерзімі	Кімге берілді	Рұқсаттың күні және нөмірі	Алушының деректері (Т.А.Ә., жеке куәлігінің нөмірі)	Алушының қолы
---------------	--	-------------------	---------------	----------------------------	--	---------------

Жануарларды интродукциялауды,
реинтродукциялау мен
будандастыруды жүргізуге
рұқсаттар беру қағидаларына
4-қосымша

Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялау мен будандастыруды жүргізуге рұқсаттарды пайдалану нәтижелері туралы ЕСЕП

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.20 N 1646 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

орындалған жұмыстардың атауы	
іс-шараларды өткізу мақсаты	
іс-шараларды өткізу мерзімі	
пайдаланылған жануарлар саны (көлемі)	
жүргізілген жұмыстардың орны мен әдістері	
Интродукциялау, реинтродукциялау мен будандастыру жүргізілген сыртқы тіршілік ету ортасы жағдайларының көрсеткіштері	
Интродукциялауды, реинтродукциялау мен будандастыруды жүргізу кезіндегі жануарлардың жай-күйі	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК